

КРОССВОРД

→ 6,7-беттерде



Шерхан Қалмырза – бүгінде қазақстандық футбол тарихында ең көп айтылатын есімдердің бірі. Ол 17 жасында-ақ алматылық «Қайрат» ФК сапында жасындай жарқылдап, Премьер-лигада дебют жасап, кейін Чемпиондар лигасы алаңына шықты.

8

ҚОСШЫДАН ШЫҒЫП, ҚҰРЛЫҚҚА ТАНЫЛҒАН ҚАҚПАШЫ

№39(178)

4 ҚАЗАН
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaña Bastau

www.janabastau.kz



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

САЛТАНАТ

ҰСТАЗ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Қазақстанның әрбір азаматы үшін сапалы білім алу – ел дамуының негізгі қозғаушы күші. Қосшыда осы сала бойынша соңғы жылдары айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіліп, сапалы білім беруде прогрессивті өзгерістерге жол ашылған. Ұстаздар мерекесі күні қалада мұғалімдер қауымына құрмет көрсетіліп, үздік мамандар марапатталды.



Фотосурет: ЖРО-нан алынды

ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТ

ҚАРИЯЛАРДЫ АРДАҚТАУ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАСТЕРЛІ ДӘСТҮРІ

Биыл мәслихат депутаттары бірқатар маңызды іс-шара өткізді. Солардың қатарында халықаралық Қарттар күніне орай ұйымдастырылған концерттік бағдарламаны айырықша атап өтуге болады.

Әйгілі Бұқар жырау бабамыз «Қарттарыңды сыйлай біл, күндердің күні болғанда кімдердің белі бүгілмес» деп жырлап кеткен. Өмір ағысымен алтын уақыты зымырап өтіп жатқан қарияларымызды қадір тұтып, үлкеннен өнеге, тектіден тәлім алу – қазақ халқының қанына сіңген қасиет. Бұл мінез атадан балаға мирас болып, ғасырдан ғасырға жалғасып келеді.



Фотосурет: Алматы

ШАБЫТ

ӨНЕР МЕН ЕҢБЕК ТОҒЫСҚАН КҮН

САХНАДА ҚАРАПАЙЫМ
ЖҰМЫСШЫЛАР ӘН САЛДЫ

Қосшының Қоғамдық мәдениет және спорт кешенінің залы лық толы. Жарқыраған сахна жарығы, аншлағ. Бұл – әдеттегі концерт емес, қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп жүрген еңбек адамдары мен кәсіби әншілерді біріктірген «Star Duet – майталмандар әуені» байқауы.

Салтанатты кеште алғаш болып сөз алған қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкей байқаудың бірегей мақсатын айқындап берді. «Әр салада табысты еңбек етіп, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосып жүрген азаматтардың бүгінгі сахнадағы өнері олардың жан-жақтылығын көрсетеді. Тек сәттілік тілейміз!» деп ізгі тілегін арнады.

8

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін мәдени, ұлттық құндылықтардың қайтадан жандануына назар аударды. Соның ішінде, дәстүрлі діни сананың қайтадан жаңғыруына жол ашылды. Қазақстанды мекен еткен түрлі дін өкілдеріне діни ұстанымда еркіндік берілді. Діни қызметті мемлекет құқықтық тұрғыда реттеп отырды.

Қазақстанда діндарлық пен оның әлеуетінің өсуі жағдайында заңнамалық реттеудің объективті қажеттілігі бар. Соның ішінде мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылында радикалды діни ағымдардың қызметіне тосқауылдар қою басты күн тәртібіне өтті.

5

ҚҰТТЫҚТАУ!

ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ҚАДІРЛІ ҚАРИЯЛАР!

Бүгін біз ерекше мерекеде – Қарттар күнінде бас қосып отырмыз. Бұл күн – сіздерге деген шексіз құрмет пен алғысымызды білдіретін, қадір-қасиетке толы күн. Өйткені сіздер – ел тарихының куәгерлері, кейінгі ұрпаққа сара жол көрсеткен абзал жансыздар.

«Ақ сақалды қария – елдің берекесі, ақ жаулықты әже – үйдің мерекесі» екенін бүгінгі күн айқын көрсетіп тұр. Қарттар күні – тек мереке ғана емес, ұзақ жылдар бойы еліміздің негізін қалаған, бірнеше ұрпақты тәрбиелеген, ортақ болашақ үшін аянбай еңбек еткен адамдарға деген құрмет, алғыс пен ризашылықты білдіретін күн. Қарияларымыз қоғамнан өздеріне аса қажет қамқорлық пен ықыласты сезіне ме, жоқ па, ол – тікелей бізге байланысты.

«Қарттар – өткеннің шежіресі, болашақтың темірқазығы» деген нақылдың айғағындай, сіздердің еңбектеріңіз бен өмірлік тәжірибелеріңіз – біз үшін баға жетпес қазына. Сіздерден қалған өнеге, айтқан ақыл-кеңестер әрқашан бізге жол көрсетіп, болашаққа жетелейді.

Әрқайсыңызға денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілеймін. «Ұрпақтың бағы – ата-әженің батасында» деп халқымыз бекер айтпаған. Балаларыңыздың, немере-шөбере-



леріңіздің қуанышын көріп, мәңгі бақытты ғұмыр кешулеріңізге тілектеспін.

Азамат Қапышев,
Қосшы қаласының әкімі

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ!

Қосшы қаласының Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде Халықаралық Қарттар күніне арналған мерекелік іс-шара өтті. Қазыналы қарияларды арнайы құттықтауға қала әкімі Азамат Қапышев пен жергілікті Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабдылар Абақов бастаған ел ағалары келіп қатысты.



Алдымен сөз алған әкім сахна төріне шығып, шараға жиналған ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелерге төл мерекелеріне орай игі тілегін арнады.

«Ақсақалды қария – елдің берекесі, ақ жаулықты әже – үйдің мерекесі» деген халық даналығы бар. Қарттар күні – жай мереке ғана емес, еліміздің негізін қалаған, болашақ ұрпақ үшін аянбай еңбек еткен аға буынға көрсететін ерекше құрмет. Қарияларымыз қоғамнан өздеріне аса қажет қамқорлық пен ықыласты сезінуге тиіс. Оны сезіндіру қазір тікелей бізге байланысты. Сіздердің еңбектеріңіз бен өмірлік тәжірибелеріңіз – баға жетпес қазына. Сіздерден қалған өнеге, айтқан ақыл-кеңестер әрқашан бізге көрсетіп, жарқын болашаққа жетелейді», – деді Азамат Қапышев.

Одан кейін мінберге көтерілген Қосшы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабдылар Абақов замандастарын құттықтау барысында қазір аға буынның ұрпаққа үлгі-өнеге көрсетудегі еселі еңбектерінің мән-маңызына тоқталды.

«Өздеріңізге мәлім, биыл 2021 жылдың 27 шілдесінде қала мәртебесін алған Қосшының 4 жылдығын атап өттік. Сол қала мәртебесін алғалы бері бұл аймақ күн-

нен-күнге көркейіп, дамып келеді. Біздің аға буын ардагерлеріміз де оның жарқын куәсі болып, шама келгенше мәдениет, өнер-білімінің дамуына өз үлестерін қосып жатыр. Қалада ардагерлеріміздің арнаулы шығармашылық клубы бар. Олар өздерінің көпжылдық тәжірибесі мен білімін жастарымызға үйретуден жалықпайды. Шығармашылық топ қаламыздағы 8 мектептің бәрінде белсенді жұмыс істеп жүр. Жастарымызға жан-жақты тәлім-тәрбие беріп отырмыз. Мұхамедқали Баймұханов бастаған 9 ақсақал мектептерде халқымыздың ұлттық құндылықтарын дәріптеп, насихаттауда үлкен еңбек етіп келеді. Сондықтан осы кісілерге Қосшы қаласының әкімдігі және көпшілік тұрғындар атынан үлкен ризашылық білдіріп, рахметімізді айтамыз», – деді кеңес төрағасы.

Іс-шара соңы аймақ дамуына ерен еңбек сіңірген ата-әжелерді қала әкімінің, Ақмола облыстық және Қосшы қалалық Ардагерлер кеңестерінің алғыс хаттарымен марапаттап, гүл шоқтарын табыстау рәсіміне, әуелте ән шырқап, күй шертілген мерекелік концертке ұласты.

Еркеғали БЕЙСЕНОВ

ЖОЛДАУ ҮНІ

ТӘРТІПKE БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Президентіміз Қазақстан халқына биылғы Жолдауында «Заң және тәртіп – мемлекетіміздің мызғымас тұғыры» екенін баса атап көрсетті.

Бұл – ең алдымен ешқандай құқық-бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық-бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады.

Мемлекет басшысы айтқандай, ынтымақ пен бірлік, өзара сыйластық қана қуатты дамудың кепілі болмақ. Айта кетейік, көптеген келеңсіз оқиға шағын ғана келіспеушіліктен бастау алып жатады. Оған еліміздің көптеген өңіріндегі жағдайларды мысал етуге болады. Адамдардың дәрежі сөйлеп, бір-біріне ерегісіп, жаға жыртысатын жаман әдеті жоқ емес. Осындай келеңсіз оқиғаларды, әсіресе, қоғамдық орындарда, жол бойында жиі көруге болады.

«Өкінішке қарай, солардың ішінде айқай-шу шығаратын, балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзатын әйелдер де бар. Бұл – мәдениетті, өркениетті қоғамға жа-



распайтын қылық, еліміздің халықаралық қоғамдастықтағы беделіне зиян келтіретін құбылыс» – деді мемлекет басшысы. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп, үлкеннің жолын кеспей, ақсақалды қадірлеп, ақ жаулықты апаларымызды ардақтап өскен елдің ұрпағы едік.

Озық ойлы ұлт болу үшін мұндай жағымсыз әдеттен түбегейлі арылуымыз керек. Ғәкім Абай айтқандай, «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос» бола бермек. Ынтымақ пен бірлік қана елге тыныштық, халқымызға бақ-береке әкеледі. Мәдениет пен әдепті, тәрбие мен тәлімді еліміздің саналы азаматтары ретінде өзімізден, өз шаңырағымыздан бастасақ игі.

Шоқан Ибраев,
Қосшы қаласы мәслихатының депутаты

САЛТАНАТ

ҰСТАЗ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

(Басы 1-бетте)

Айтулы мерекемен жергілікті ұстаздарды қала әкімі Азамат Қапышев құттықтады.

«Құрметті ұстаздар, ардагер ұстаздар, білім беру саласының қызметкерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұстаз – қоғамдағы ең абыройлы да қадірлі мамандық иесі. Өйткені ұстаз – тек білім беруші ғана емес, адамгершіліктің, парасат пен өнегенің жарқын үлгісі. Шынайы ұстаз шәкірт жүрегіне білімге құштарлық пен Отанға деген сүйіспеншілікті ұялатады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, білім мен ғылымды дамыту – еліміздің басты міндеттерінің бірі. Бұл жолда сіздердің еңбектеріңіз ерекше. Әр шәкірттің жандуниесін танып, жарқын болашаққа жетелеу – ұстаздың ұлы миссиясы. Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс пен биік жетістіктер тілеймін! Сіздердің еңбектеріңіз – Қосшы қаласының, жалпы еліміздің ертеңгі жарқын болашағының кепілі», – деді әкім.

Сондай-ақ әріптестеріне Ақмола облысының білім басқармасына қарасты Қосшы қалалық білім бөлімінің басшысы Қанат Ахметов жылы лебізін арнады.

«Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Ұстаздар күні – дәстүрлі әрі бүкілхалықтық мереке десек, артық айтқандық болмас. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Оқу-ағарту министрлігінің «Ұстазды құттықта!» атты тәрбиелік мәні зор челленджін Қосшының білім беру ұйымдарының басшыларына жолдаймын», – деді Қанат Есенбекұлы.

Бұл ретте білім сапасын ұстап тұрған негізгі тірек – мұғалімдер екенін ескерген жөн. Атап айтқанда, қазір қалалық мектептерде 895, балабақшаларда 52 педагог жұмыс істейді. Олардың 96 пайызы – жоғары білімді және 71 мұғалім магистр дәрежесіне ие.

«Біздің педагогтеріміздің кәсіби әлеуеті өте жоғары. Бұл – оқушылардың нәтижелерінен анық көрінеді», – деді қалалық білім бөлімінің басшысы.

Иә, бүгінде артық жүктемеге қарамастан,

қаладағы орта білім беру саласында тұрақты сапа бар. Жалпы мұндағы 8 мектептің 7-еуі – мемлекеттік және 1 оқу ордасы – жекеменшік. Олардың жобалық қуаты 7 260 орын болса да қазір 12 077 оқушы білім алып отыр. Әрине, бұл жағдайдың қала халқының қарқынды өсуінің бір көрінісі екені анық.

Ерекше екпін беріп атап өтерлігі, қосшылық оқушылардың 8 996-сы қазақ тілінде, 3 043-і орыс тілінде білім алады. Оларды 3 мектеп тек қазақ тілінде оқытады десек, бұл үшеуінде қазір 2 845 бала бар. Ал ол дегеніміз – мемлекеттік тілдегі білімге сұраныстың тұрақты артып келе жатқанының айқын айғағы.

Қосшы қаласындағы биылғы түлектердің жетістігі де көңіі қуантады. Еске сала кетсек, орта мектепті барлығы 472 оқушы тәмамдап, оның 13-і «Алтын белгі», 25-і үздік аттестат алған болатын. Ал қалада 1-сыныпқа қабылдау кезеңінде 1 318 оқушыға орын бөлінген. Биылғы оқу жылында оның 731-іне қатысты өтініш тіркелді. Осының өзі-ақ Қосшыдағы оқушы санының жыл сайын өсіп отырғанын аңғартады.

Әрине, білім беру сапасы тек оқу үрдісімен шектелмейді. Сонымен қатар Қосшыда балалардың қауіпсіздігі мен тұрмыстық жағдайына ерекше көңіл бөлінген. Бүгінде мектептерге 762 оқушыны 5 арнаулы автобус тасымалдайды. Оған қоса бастауыш сыныптағы 5 571 баланы ыстық тамақпен қамтуға 568,5 млн теңге бөлінген.

Аталған оқушылардан бөлек, Қосшыда ерекше білім беру қажеттілігі бар 289 бала есепте тұр. Оның 104-і жалпы мектептерде оқыса, қалғандары арнайы кабинеттерде, мамандандырылған мектептерде немесе үй жағдайында білім алып отыр.

Қорыта айтқанда, Қосшы қаласы білім беру саласында тек қазіргі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, келешекке де айқын бағдар ұстанған. Ол жөнінде толыққанды мағлұмат беру – алдағы уақыттың еншісінде.

Өз тілшімізден



Бетті дайындаған:
Дәулет Асау, Бас редактор
+77074975733
t.me/DauletKali Asauov
bi_barys01@mail.ru

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ТҰРҒЫНДАР ТАЗА АУЫЗСУДАН ТАРЫҚПАЙТЫН БОЛАДЫ



Шын мәнінде қалада халық санының өсуі су тұтыну көлемін де көбейтіп, жаз-күз айларында оның жүктемесі еселеп артады. Ал инфрақұрылымның тозуы (ескірген құбырлар, диаметр сәйкессіздігі, апаттық қосылыстар) қысымның түсуі мен үзілістерге әкеп соғуы мүмкін. Сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қауіптер (дезинфекция режимінің әлсіреуі, су алу-тарату нүктелеріндегі бақылаудың жеткіліксіздігі) тұрғындардың денсаулығына тікелей әсер етеді.

Одан бөлек, құбыр түйіндерінде шөгіндінің жиналуы, коррозия, жоспардан тыс жөндеу, жерасты суының ағып кетуі, өлшеудің дәл еместігі, хлорлау, ультракүлгін дезинфекциясының үздіксіз жүргізілуі, су үлгілерін алу жиілігі сияқты негізгі мәселелер туындамауға тиіс. Ондай жағдайда жұмыс кестесі мен жоспарлы үзілістерді халыққа дер кезінде хабарлап отыру маңызды. Әкімдікте өткен талқыда осының бәрі ескерілді.

«Бұл шаралар Қосшы қаласы мен

Тайтөбе ауылы тұрғындарын таза ауыз сумен тұрақты қамтамасыз етуге, сондай-ақ су нысандарының санитарлық қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған», – деп атап өтті Азамат Қапышев.

Қазір тұрғын үйлерге тұрақты түрде күнделікті су беру міндетінде мін жоқ. Қысым нормативке сай болып тұр. Иіс, түс, лайылдық, микробиология сияқты сапа көрсеткіштері жақсы. Апатты жағдай мен шығын ықтималдығы едәуір қысқарған. Апта сайын индикаторлық, микробиология, органолептика, химия тұрғысында ай сайын кеңейтілген талдау жүргізіліп тұрады. Ол үшін СЭС-пен бірлескен мониторинг кестесі бекітілген.

Бұл ретте Қосшы қаласының әкімдігі тарапынан жергілікті бюджет, өңірлік бағдарламалар, мақсатты трансферттер және оператордың инвестициялық бағдарламасы бекітілген. Қала билігі мен оператордың бірлескен есеп беруі (жұмыс барысы, КРІ, келесі айдың жоспары) тұрақты.

Қала басшысы берген нақты тапсырмалар Қосшы мен Тайтөбедегі су жүйесін инженерлік тұрғыдан жаңғырту, санитарлық қауіпсіздікті күшейту және басқаруды ашық ету бағытында жүйелі өзгерістерге жол ашады. Ал ұсынылған жол картасы мен КРІ жиынтығы қысым тұрақтылығы, сапа сәйкестігі, апатты жағдай мен шығынды қысқарту, азаматтармен байланыс сапасын арттыру игіліктерін қамтиды. Соның нәтижесінде таяуда ғана су скважиналарында жоспарлы жұмыстар атқарылып, монтаждау және бөлшектеу арқылы электрлі насос толықтай жаңасына ауыстырылған болатын. Ол шара су беру жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге, ақаулардың алдын алуға және тұрғындарды сапалы ауызсумен үздіксіз қамтуға бағытталды. Соның арқасында су беру жүйесіне сенімділік артып, тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасы жақсарды.

Ерік ЕЛЕУСІЗ

БИЛІК ПЕН БҰҚАРА

ӘДЕПТЕН ОЗБАУ –
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ДЕ ТӘН ҚАСИЕТ

Қосшы қаласы әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкіл Нұрсұлтан Мұхаметқалиев мемлекеттік қызметкерлерге арнап әдеп нормалары мен қызметтік этикаға қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жиынға қала әкімдігі мен оған қарасты бөлімдердің қызметкерлері қатысты.



Фотосурет: азаматтық басқару қызметінің қалыптасуы

Кездесу барысында әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп кодексін сақтау қажеттігіне, халықпен қарым-қатынастағы мәдениетке және адал қызмет ету қағидаттарына ерекше назар аударды. Ол әрбір мемлекеттік қызметкердің мінез-құлқы азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Қызметтік этика – тек қағаз жүзіндегі талап емес, мемлекеттік қызметкердің күнделікті іс-әрекетіндегі негізгі бағдарлам болуға тиіс. Әдеп нормалары сақталған жерде әділдік, ашықтық және халыққа деген құрмет артады», – деді Нұрсұлтан Мұхаметқалиев.

Түсіндіру жұмыстары барысында мемлекеттік қызметкерлердің тұрғындармен сөйлесу әдебі, азаматтардың өтініштеріне жедел әрі сыпайы жауап беру, сондай-ақ қызмет барысында бейтараптық таныту қажеттігі айтылды. Әдеп жөніндегі уәкілдің пікірінше, мемлекеттік қызметкердің сөзі мен әрекеті қоғам алдында мемлекеттің беделін көрсетеді.

Жалпы, мұндай шаралар мемлекеттік аппараттағы тәртіпті күшейтіп қана қоймай, елдік қызметтің ашықтығын, адалдығын және тиімділігін арттыруға бағытталған. Соның нәтижесінде қоғам тарапынан сенім деңгейінің де жоғарылай түсетіні сөзсіз.

Мемлекеттік қызмет саласында әдеп талаптарын сақтау – жауапкершілікті күшейтудің және халыққа сапалы қызмет көрсетудің негізгі алғышарттарының бірі. Осы жағын ескерсек, Қосшыдағы бұл түсіндіру шарасы мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін жетілдірумен қатар, олардың

азаматтар алдындағы жауапкершілігін де күшейтеді. Алдағы уақытта мұндай кездесулер тұрақты түрде өткізіліп, мемлекеттік аппараттың жұмыс сапасын арттыруға сеп болмақ.

Еске сала кетсек, бүгінде Қазақстанда мемлекеттік қызмет саласын жетілдірудің басты бағыттарының бірі – қызметтік әдепті жүйелі түрде сақтау. Бұл талап 2015 жылы қабылданған Әдеп кодексінен бастап, жалпы заңнамалық деңгейде нақты белгіленген. Қосшыдағы шара – осы құжаттың жергілікті деңгейде жүзеге асуының бір көрінісі.

Ал халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мемлекеттік қызметтегі этика стандарттарын сақтау жемқорлық тәуекелдерін азайтып, қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға серпін береді. Яғни қазір әдеп нормалары тек моральдық құндылық емес, жемқорлықпен күресудің алдын алу құралына айналып отыр.

Қосшы – халық саны артып келе жатқан жас қала. Сондықтан мұнда мемлекеттік қызмет сапасына қойылатын талап та жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, әдеп жөніндегі уәкілдің бастамасы жергілікті аппараттың қоғам алдындағы ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Егер осындай түсіндірулер тұрақты түрде жүргізілсе, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейі ғана емес, тұрғындардың сенімі де арта түседі.

Қазір мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам арасындағы диалог сапасы ерекше назарда. Сондықтан әдеп нормаларын түсіндіру дегеніміз – диалог мәдениетін нығайтатын маңызды қадам.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ

ЖОЛ ЖӘНЕ КӨЛІК

ЖЫЛЫ АЯЛДАМАЛАР ОРНАТЫЛАДЫ



Ағымдағы жылы Қосшы қаласының жолдарын салу және жөндеуге 5,6 млрд теңге бөлінді. Қазіргі таңда төрт ірі жоба іске асуда. Соның ішінде қалаішілік 12 көшенің құрылысы жүріп жатыр (7,5 км), Тайтөбе ауылы мен Қосшы қаласындағы кірме және кентішілік жолдар жөндеуде. Сондай-ақ Қоғамдық мәдениет-спорт кешеніне кірме жол толық аяқталды.

Жыл сайынғы ағымдағы жөндеу жұмыстарына келісімшарт жасалды, Республика көшесі мен тұрғын үй алаптарындағы жолдар ретке келтірілуде. Бұдан бөлек, қиыршықтас төсеу жұмыстары жүріп жатыр.

Жол қауіпсіздігін арттыру үшін соңғы жылдары 12 бағдарлам, 676 жол белгісі орнатылды. 2025 жылы тағы 2 бағдарлам қойылып, электр желісі-

не қосу шаралары жүргізіліп жатыр. Қысқы-жазғы жол күтіміне 700 млн теңге жұмсалып, қар, көше тазалау, аялдамаларды күтіп ұстау жұмыстары атқарылуда.

Сонымен қатар, тұрғындардың сұрауы негізінде жылы аялдамалар орнату қажеттілігі туындаған болатын. Қазіргі уақытта Қосшыда 2 жылы аялдама орнатуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Жоспарға сәйкес, бұл аялдамалар Ұлы дала көшесіндегі соңғы аялдамаға және Республика көшесі бойындағы Халыққа қызмет көрсету орталығының алдына орнатылмақ.

Ардақ Зұлқажапқызы,
Қосшы қаласы әкімінің баспасөз
хатшысы

ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТ

ҚАРИЯЛАРДЫ АРДАҚТАУ –
ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҚАСТЕРЛІ ДӘСТҮРІ

(Басы 1-бетте)

Отбасында ұрпаққа беретін тәрбиенің негізі де үлкенді сыйлаудан, кішіні құрметтеуден басталады.

Қалалық мәслихатының төрағасы Әлихан Қуатбековтің, депутаттар Дидар Кәкімжанов, Ақылбек Данабекұлы мұрындық болуымен Қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өткен концерттік шара қарттарымызға деген кезекті құрметтің нышаны еді. Тағылымды кештің басты қонақтары ретінде депутаттық корпус өкілдерінің шақыруымен астанамыздан «Елорда» ардагерлер халықтық хорының ұжымы келіп, көпшілік қауымға мерекелік көңіл күй сыйлады. Астаналық ұжым өз репертуарларындағы ұлттымыздың әсем сазды музыкалық туындыларымен қатар, шетелелдік тартымды

туындыларды орындап, тыңдарманның құлақ құрышын қандырды.

Концерттік бағдарлама соңында қала мәслихатының төрағасы Әлихан Жұмаханұлы кеудесі қазынаға, көкірегі шежіреге толы қарияларымызды Халықаралық мерекемен құттықтап, игі шараны өткізуге атсалысқан Астана, Қосшы қалаларының ардагерлер ұйымдарына, жиналған көпшілікке ақжарма тілегін жеткізді. Өз кезегінде залға жиналған аға буын өкілдері де жылдар сүзгісінен өткен таңдаулы әндерімен көңілдерді тербеген мазмұнды кешті ұйымдастырушыларға, талантты орындаушыларға ыстық ықыласын білдірді.

Қуаныш Тыныбекұлы,
Қосшы қаласы мәслихатының
баспасөз хатшысы

ШАБАТЫН КӨЛІК КҮЙ ТІЛЕЙДІ

ЗАМАҢДАС

КӘСІБИ МАМАНДАР ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Қосшы қаласында Еңбек күні мерекесіне орай «Еңбек адамы – ел тірегі» атты тағылымды кездесу ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – жастарға еңбектің қадір-қасиетін ұғындырып, табыстың тек маңдай термен келетіні туралы түсінік қалыптастыру.

Кездесуге өз саласында табысқа жетіп, өнегесімен елге үлгі болып жүрген тұлғалар – Нұржан Қыдырбайұлы, Самғау Нәсіпхан, Ерсұлтан Қайырбекұлы арнайы шақырылды. Олар жастармен жүздесіп, өмір жолдарынан сыр шертіп, баға жетпес тәжірибелерімен бөлісті. Еңбек адамының қоғамдағы орны, табандылық пен адал кәсіптің маңызы туралы тағылымды ойлар айтыл-

ды. Қонақтар өздерінің табысқа жету жолындағы қиындықтар мен жетістіктерін мысалға келтірді.

Аға буынның кеңесі жастардың бойында еңбекке деген жаңа көзқарас қалыптастырып, осы жолда шыдамдылық пен табандылық таныту жетістікке бастайтын ең басты құндылық екенін ерекше сезіндірді. Қатысушыларға сұрақ қойып, белсенділік танытқан қыз-жігіттер арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Шара соңында жастар қонақтарға алғыстарын білдіріп, бұл басқосу өздерін еңбекқор, қоғамға пайдасын тигізетін азамат болуға ынталандыра түскенін айтты. Кездесуге қатысқандардың бірі, 10-сынып

оқушысы Айсұлу Сейітқұл өз әсерімен бөлісті.

– Бұл кездесуден кейін мен еңбектің қандай маңызды екенін түсіндім. Қонақтардың өмір жолдары бізге үлкен мотивация берді. Табыстың кілті – шыдамдылық пен тынымсыз еңбек екенін енді жақсы ұқтым. Болашақта мен де туған жеріме пайдасы тиегін еңбекқор азамат болғым келеді, – дейді ол.

«Ел болашағы – адал еңбегімен туған жеріне қызмет етіп, қоғамға пайдасын тигізетін азаматтардың қолында» деген ой іс-шараның негізгі ұранына айналды.

Лаура Тарғынова,
ЖРО маманы



«WAS MARKET» ЖШС, БСН 180940011449 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 7 шағын ауданы, 1 үй, 36 пәтер. т. 8-702-283-08-91 ТОО «WAS MARKET», БИН 180940011449 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Ақтау, микрорайон 7, д.1, кв.36. тел.: 8-702-283-08-91	«NUKO» ЖШС, БСН 180940013722 өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қосшы қ., Сейфуллин көшесі, 556. Тел.: 8-776-483-13-03. ТОО «NUKO» БИН 180940013722 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Косшы, ул. Сейфуллина, 556. Тел.: 8-776-483-13-03.	«Спектор Консалтинг» ЖШС, БСН 200140024130 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай ауданы, Семей қаласы, Достоевский көшесі, 261 үй т.: 8-775-477-52-25 ТОО «Спектор Консалтинг», БИН 200140024140 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: область Абай, г.Семей, ул. Достоевского, д.261 тел.: 8-775-477-57-25	«Уют Комфорт» ЖШС, БСН 080140004139 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 15/2 үй, 53 пәтер. т.: 8-775-551-63-93 ТОО «УютКомфорт» БИН 080140004139 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, проспект Бауыржан Момышұлы, д.15/2, кв.53 тел.: 8-775-551-63-93
«Айша Ханым» ЖШС, БСН 210540015504 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлұлы көшесі,, 24/1 үй, 80 пәтер. т.: 8-776-631-18-88 ТОО «АйшаХаным», БИН 210540015504 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа , ул.Шәймерден Қосшығұлұлы,д.24/1,кв.80 тел.: 8-776-631-18-88	«Dameli tour» ЖШС, БСН 240340025669 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ, Алматы ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 34/1 үй, корпус 415, 415 пәтер. т.: 8-775-370-80-20 ТОО «Dameli tour», БИН 240340025669 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Алматы , пр.Тәуелсіздік, д.34/1, корпус 415, кв.415 э. тел.: 8-775-370-80-20	«Шаруа-К.А.С.» ЖШС, БСН 030840007259 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, үй 8/2, офис ВП 5 т.: 8-701-648-25-51 ТОО «Шаруа-К.А.С», БИН 030840007259 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Есиль, ул.Түркестан,д.8/2, офис ВП 5 тел.: 8-701-648-29-51	«АлмасТрансЭкспедиция» ЖШС, БСН 070840003104 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Степная көшесі, үй 9/1 т.: 8-771-339-18-70 ТОО «АлмасТранс Экспедиция», БИН 070840003104 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, район Сарыарқа , ул.Степная,д.9/1 тел.: 8-771-339-18-70
«Five Stones Retail»(Файв Стоунс Ритейл) ЖШС, БСН 170940023986 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 18 үй, 35 пәтер. т.: 8-708-333-11-70 ТОО «Five Stones Retail» (Файв Стоунс Ритейл) БИН 170940023986 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, проспект Бауыржан Момышұлы, д.18, кв.35 тел.: 8-708-333-11-70	«ZAG KZ»(ЖАГ КЗ) ЖШС, БСН 220740024285 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ерменсай шағын ауданы, жолақ 5, 16/1 үй, 11 пәтер. т.: 8-707-712-88-65 ТОО «ZAG KZ» (ЖАГ КЗ) БИН 220740024285 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Бостандыкский р-н, микрорайон Ерменсай,переулок 5, д.16/1, кв.11 тел.: 8-707-712-88-65	«DEREBERYA INCORPORATED «(ДЕРЕБЕРЯ ИНКОРПОРЭЙТЕД) ЖШС, БСН 220240024643 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы,Сығанақ көшесі, 14 үй. т.: 8-778-960-63-98 ТОО «DEREBERYA INCORPORATED (ДЕРЕБЕРЯ ИНКОРПОРЭЙТЕД)», БИН 220240024643 сообщает о своей ликвидации.Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу : г.Астана,р-н Есиль, ул. Сыганақ, д. 14.тел.: 8-778-960-63-98	«Pride Expert Service» ЖШС, БСН 210640018364 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 15/2 үй, 73 пәтер. т.: 8-775-551-63-93 ТОО «Pride Expert Service» БИН 210640018364 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, проспект Бауыржан Момышұлы, д.15/2, кв.73 тел.: 8-775-551-63-93
«МК Экстра Ломбард» ЖШС қайтарылмаған кепіл мүлкін голланд әдісімен сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.Сауда-саттық 2025 жылғы 6–10 қазан, 13–17 қазан, 20–24 қазан, сондай-ақ 28–31 қазан күндері сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін өткізіледі. Мекенжайы: Астана қаласы, Керей және Жәнібек хандар көшесі, 11 үй. ТОО «МК Экстра Ломбард» сообщает о проведении торгов по голландскому методу невыкупленного залогового имущества.Торги будут проводиться в следующие сроки: с 6 по 10 октября 2025 г.,с 13 по 17 октября 2025 г.,с 20 по 24 октября 2025 г., с 28 по 31 октября 2025 г. Время проведения: с 10:00 до 13:00, адрес: г. Астана, ул.Керей и Жанибек хандар, д. 11.	«ARZAN HOME 36» ЖШС, БСН 230740026045 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай хан даңғылы, 36а үй. т.: 8-702-152-62-00 ТОО «ARZAN HOME 36» БИН 230740026045 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Алматы, проспект Абылай хана, д.36а тел.: 8-702-152-62-00	«Ж-СЕЙТЖАН» ЖШС, БСН 211240002306 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ахмет Жұбанов көшесі, 27 үй. т.: 8-702-152-62-00 ТОО «Ж-СЕЙТЖАН» БИН 211240002306 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Байқоңыр, ул.Ахмета Жұбанова,д.27 тел.: 8-702-152-62-00	«Асарulco» ЖШС, БСН 190240024922 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 7 үй, корпус 1, 177 пәтер. т.: 8-777-449-31-83 ТОО «Асарulco» БИН 190240024922 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есиль, ул.Сарайшык, д.7, корпус 1, кв.177 тел.: 8-777-449-31-83

КЕДЕРПІСІЗ ОРТА

«ДАМУЫНДА ПРОБЛЕМАЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ОҢАЛТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ ҚАҒИДАСЫ



Қосшы қаласы №20 психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде (ППТК) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығымен бекітілген «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы негізінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар (сөйлеу тілінің бұзылуы, тіл дамуының тежелісі, тірек-қимыл аппараты қызметінің, зерденің, эмоциялық ерік және мінез-құлық әрекеттерінің бұзылуы, психикалық дамудың кешігуі) балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі:

1. Мемлекеттік қызмет көрсетуші жеке тұлғаларды Қосшы қаласы, Лесная поляна, 2 орам, 8 құрылыс мекенжайындағы кеңсесінде қабылдайды. №20 ППТК дүйсенбі-жұма күндері сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзілісті қоса есептегенде, сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін жұмыс істейді. Аталған қызметті алу үшін мына құжаттардың тізбесін өткізу қажет:

- 1) қызмет алушының ата-анасының (заңды өкілінің) еркін пішіндегі өтініші;
- 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы.
2. «Әлеуметтік үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүгінген кезде мынандай құжаттардың тізбесін ұсыну қажет:
- 1) қызмет алушының ата-анасының (заңды өкілінің) еркін пішіндегі өтініші;
- 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы.
3. Қызмет алушы www.egov.kz-ға тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі арқылы жүгінген кезде:
- 1) қызмет алушының ата-анасының (заңды өкілінің) өтініші (www.egov.kz-ға тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша жүгінеді);
- 2) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының нөмірі.

**Айнагүл Жүсіпбаева,
№20 ППТК басшысының
міндетін атқарушы**

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ДІН

ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

(Басы 1-бетте)

Кейінгі уақытта билік органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және терроризм мен экстремизмге қарсы тұрудың заңнамалық базасын кеңейту мен жетілдіруге бағытталған іс-әрекеті жүргізіліп келеді.

Біздің елімізде экстремизм мен төзбеушіліктің ықтимал көріністеріне бірқатар конституциялық тыйым салады. Сонымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабы, 3-тармағына сәйкес «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады», 20-баптың 3-тармағына сәйкес, «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», 39-баптың 2-тармағына сәйкес «Ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Қазақстандағы діни экстремизм мәселесіне қатысты көріністерді көптеген заңнамалар шектеулер мен жауаптылықты қарастырады. Солардың ішіндегі негізгі қамтылатын, негіздейтін заңдар: ҚР Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестікте туралы» заңы, «Тероризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңы, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңы, «Қылмыстық» кодексі, «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексі және т.б.

Экстремизм ұғымы бүгінге тек құқықтық

категория ғана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақтылығына, ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін құбылыс ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында экстремизмнің алдын алу, оған тосқауыл қою



және құқықтық жауапкершілікті нақтылау мәселелері ерекше орын алады. Бұл мақалада еліміздегі экстремизмге қарсы заңнаманың негізгі қырлары, халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау және қоғам үшін маңызы қарастырылады.

Экстремизм ұғымы заңнамада саяси, діни, әлеуметтік көзқарастарды күшпен насихаттау, қоғамның конституциялық құрылымын бұзуға ұмтылу, ұлттық және діни алауыздықты қоздыру сияқты қауіпті әрекеттерді қамтиды. Мұндай қылмыстарға қарсы күрес тек жазалау сипатында емес, сонымен қатар алдын алу, түсіндіру, құқықтық мәдениетті көтеру бағытында жүргізіледі.


2005 жылы қабылданған «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң Қазақстандағы осы бағыттағы негізгі құқықтық құжат болып саналады. Занда экстремистік қызметтің түр-

лері, оларды болдырмау тетіктері, мемлекеттік органдардың өкілеттігі мен азаматтардың құқықтары нақты айқындалған. Сонымен бірге, Қылмыстық кодексте экстремистік әрекеттерге байланысты арнайы баптар ен-

гізілген. Мәселен, экстремистік ұйым құру, оны қаржыландыру немесе насихаттау ауыр қылмыс түрінде бағаланып, қатаң жаза қарастырылған.

Соңғы жылдары заңнамалық өзгерістер де енгізіліп отыр. Экстремизмге қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру мақсатында интернет кеңістігіндегі бақылау күшейтілді, әлеуметтік желілерде заңсыз контент таратуға жауапкершілік белгіленді. Сонымен бірге, қоғамда діни сауаттылықты арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып келеді.

Экстремизмге қарсы күрес тек Қазақстанға ғана емес, әлем елдерінің көпшілігі осы қатермен бетпе-бет келуде. Мәселен, Еуропа елдерінде интернеттегі экстремистік материалдарды бұғаттау жүйесі белсенді қолданылса, АҚШ-та қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатаң бақылау орнатылған. Қазақстан осы



Ең бастысы, баланың оқу процесіне қызығушылығын арттырады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиа құралдарын тиімді пайдалану – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына жасалған үлкен қадам.

**Қалипа Карабекова,
«Алтын дән» балабақшасының
тәрбиешісі**

тәжірибелерді ескере отырып, өз заңнамасын бейімдеп келеді. Алайда халықаралық сарапшылардың айтуынша, экстремизмге қарсы күрес кезінде құқықтық тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Яғни бір жағынан азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет болса, екінші жағынан олардың сөз бостандығы мен діни сенім еркіндігін шектемеу керек. Қазақстан заңнамасы да осы тепе-теңдікке назар аударады.

Экстремизмнің алдын алу тек заңнамалық шеңберде ғана емес, әлеуметтік-тәрбие жұмыстары арқылы жүзеге асады. Мектептерде, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда түрлі түсіндіру шаралары ұйымдастырылуда. Жастардың діни және құқықтық сауатын көтеру, ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру – экстремизмге қарсы идеологиялық тосқауылдың негізгі элементтері. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер мен мәдени-білім беру орталықтары да үлкен рөл атқарады. Халыққа экстремизмнің қауіптілігі мен оның қауіпсіздік салдары жайлы дер кезінде жеткізу қоғамның иммунитетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды. Экстремизмге қарсы құқықтық шаралар Қазақстан қоғамының тұрақтылығын сақтауда шешуші маңызға ие. Заңнаманың нақты болуы, мемлекеттік органдардың үйлесімді әрекеті және қоғамның белсенді қатысуы ғана бұл қатерге тиімді қарсы тұра алады. Сонымен қатар халықаралық тәжірибені ескере отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу де маңызды қағида болып қала береді. Экстремизмге қарсы күрес – тек мемлекеттік емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі.

**«ALDASPAN» талдау орталығы»,
Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапқырсы бойынша**

1		2		3		4			5	6		7		8		9
								10								
11			12						13						14	
		15						16						17		
18					19		20				21					
				22												
23													24			
				25				26		27						
	28		29				30		31				32			
33		34						35								36
37							38						39			
				40								41				
42											43					
						44		45		46						
47			48												49	
		50												51		
52									53							

ТІГІНЕН:

1. Жаңа жылдық жеміс атрибут. 2. Айлакер, амал тапқыш, епшіл. 3. Төлдейтін ұрғашы мал, жан-жануар. 4. Кесір, кесапат. 6. Қаңтар айының ескі аты. 7. Қазақ ханы, Кенесарының ұлы. 8. Алақанның ішкі жағы. 9. Жоғары оқу орындарында ғылыми және оқытушылық жұмысқа даярланушы. 10. Айла, амал, шара. 13. Тиесілі, тиісті, лайықты. 15. УЕФА кубогын жеңген түрік командасы. 17. Монеталар мен медальдардың коллекциясын жинау ғылымы және процесі. 19. Алғашқы қазақ театры ашылған қала. 20. Ұлы мәртебелі, аса құрметті. 21. Елімізде 11 ауыл осылай аталады. 24. Аз,тапшы, жеткіліксіз. 26. Жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе. 29. Заттың бетін жылтырататын сұйықтық. 31. Денесі ұзын, аяғы қысқа ит түрі. 33. Шығарманың қысқаша түсініктемесі. 36. Жеке адамның өмір тарихы. 38. Кіші Жүз ханы, Әбілқайыр ханның ұлы. 40. Баспалдақ, басқыш. 41. Үш жұртың бірі. 44. Аяқ, соң, ақыр. 45. Өтем, төлем. 46. Қылқан жапырақты, мәңгі жасыл, аласа ағаш. 50. Апан, шұңқыр. 51. Бидегі бір аяқ қимылы.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Асқан ризашылықтан туатын көңіл күйі, қуаныш. 5. Теориялық және практикалық қызметті ұйымдастыру және қалыптастыру қағидаттары мен тәсілдерінің жүйесі. 11. Бастауыш сұрауларының бірі. 12. Тізбектер мен жазықтықтарда бір-бірінен ұзына бойы қашықтықта тең қатарласу. 14. Ыңғай, икем, бейім. 16. Тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері. 18. Хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін жоғары мәртебелі адам. 21. Сансыз көп, тола. 22. Ал қызыл түсті, үлбіреген дала гүлі. 23. Діни дәреже, лауазым. 24. Серік Апырмовтың фильмі. 25. Жыртқыш, алғыр құстардың жалпы атауы. 27. Міндет, борыш. 28. Ермек Тұрсыновтың фильмі. 30. Шахмат термині. 32. Қазақстан Республикасы мүше ұйымдардың бірі. 34. Көлікте жолаушыларға арналған бөлім. 35. Онн алты қыздың бірі. 37. Азиядағы ел. 39. Элементтің ең кіші бөлігі. 40. Ащы дәні бар дәрілік өсімдік. 42. Бал арасының үйшігі. 43. Жарыс автомобильдерінің ұлттық ассоциациясы. 44. Аралас түс. 47. Бір нота. 48. Облыс орталығы. 49. Ежелгі Мысырдағы Күн құдайы. 52. Құрманғазының күйі. 53. Шоқжұлдыздардың бірі.



1		2		3		4			5		6		7		8
				9			10		11						
12						13						14			
				15	16				17		18				
19	20		21		22								23		24
			25	26							27	28			
29		30					31		32		33		34		35
	36									37					
							38								
	39		40							41			42		43
44							45	46		47			48		
				49		50					51				
52		53			54	55				56			57	58	59
					60					61			62		
63							64					65			
					66					67					
68												69			

ТІГІНЕН:

1. Жіңішке қамырдан жасалған сұйық тағам. 2. Гимнастикалық жабдық түрі. 3. Зор денелі адам. 4. Үдей түсетін, дамымалы. 5. Нобель лауреаты неміс физигі. 6. Кіші Жүз батыры. 7. Хош иісті тропиктік жеміс. 8. Өрімдей жас, жасөспірім. 10. Пойызды сүйреуші бу машинасының алғашқы қазақша атауы. 11. Еуразиядағы ел астанасы. 16. Пайғамбарлардың бірі. 18. Танымал жапон манга суретшісі. 20. Өлшем бірлігі. 21. Аралас жекпе жектегі қатысушылар тізімі. 23. Айқын, таза, анық. 24. Ұлттық тағам түрі. 26. Спорт кешені. 28. Музыкалық аспап. 30. Азиядағы халық. 31. Ең мықты және төзімді металл. 32. Испаниядағы футбол клубы. 33. Ар, ұждан. 35. Сусымалы жібек мата. 39. Жарылғыш зат. 40. Швейцариядағы қала. 42. Танымал балалар ойыншығы. 43. Танымал Голливуд жұлдызы, актер, режиссер. 46. Меридиан жазықтығы мен белгілі бір жақтың тік жазықтығының бұрышы. 47. Қостанай облысындағы өзен. 50. Тұзды батпақ. 51. Халық шығармашылығының өте ертеден қалыптасқан, көне жанрларының бірі. 52. Секіруге арналған серіп-пелі құрылғы. 53. Ұлыбританиялық автомобиль бренді. 55. Ортағасырлардағы қала шетіндегі қосымша елді мекен. 56. Жарық шығатын жер, шамшырақ. 58. Радиоактивті химиялық элемент. 59. Ежелгі Грекиядағы халық жиналысы. 60. Жер бедеріндегі кедір-бұдыр. 62. Ақ түсті қымбат металл.

КӨЛДЕНЕҢІНЕН:

1. Мекемедегі ақша беретін, ақша қабылдайтын арнаулы бөлме . 6. Бірсабақты, көпжапырақты, шашақгүлді жусан түрі. 9. Қазақстандық эстрада әншісі. 11. Үш мушкетердің бірі. 12. Сырып үйетін ағаш құрал. 13. Тым жақын, біте қайнаған. 14. Ыдыс-аяқтардың жиегі, шеті. 15. Жүннен басылған аяқ киім. 17. Жерорта теңізіндегі арал. 19. Бидай сұрыптау құралы. 22. Әскери шен. 23. Жер жырту үшін қолданылатын ауыл шаруашылық құралы. 25. Бақсы-диуаналардың сүйеніш таяғы. 27. Мадақ жыр. 29. Басталу нүктесі. 31. Каспий теңізіндегі кәсіптік маңызы бар балық. 34. Мұсылмандардың бес парызының бірі. 36. Парсы әдеиеті мен поэзиясының негізін қалаушы. 37. Қазақстандағы қала. 38. Мифологияда адамдардың нақты бір тобымен «туыстас» деп саналатын тіршілік иесі не зат. 39. Азиядағы ел астанасы. 41. Жақсы ниет, адал пиғыл. 44. Тынық мұхиттағы күшті табиғи құбылыстардың бірі – Эль - ... 45. Сорғы. 48. Заңды, нақты. 49. Атлант мұхитындағы арал. 51. Сиқыршы, иллюзионист. 52. Болып өткен оқиғаның мазмұны. 54. Жапон тілінде қағаз бүктеу. 57. Қоршаған аралас-құралас қауым. 60. Көше, квартал. 61. Кешу, кешіру. 63. Үй құсы. 64. Азиядағы ел. 65. Солтүстік Америкадағы дәстүрлі спорт түрі. 66. Жаңсақ, жаңылыс, теріс, қате. 67. Мал суаратын астаудың бір түрі. 68. Жолдардың тоғысқан жері. 69. Қару түрі.

Айқарма беттегі сөзжұмбақты құрастырған: Аршат Ораз
(жауаптары газеттің келесі нөмірінде)

ӨНЕР МЕН ЕҢБЕК ТОҒЫСҚАН КҮН

САХНАДА ҚАРАПАЙЫМ ЖҰМЫСШЫЛАР ӘН САЛДЫ

ШАБЫТ

(Басы 1-бетте)

Ал сахнаға шыққан жұптардың әрқайсысы – бір-бір тағдыр, бір-бір хикая. Біздің көз алдымызда өрт сөндіруші формасын мерекелік костюмге ауыстырған, Абай облысында болған төтенше жағдай кезінде батылдығы мен өр мінезі үшін «Ерлік үшін» медалін иеленген Мұхамет Мұрал кәсіби әншімен бірге ән шырқап тұр. Оның дауысынан қысылтаяң шақтарда қысылмай әрекет ететін табандылықтың қайсар үні естілгендей.

Одан кейін сахнаға полиция инспекторы, аға лейтенант Таңшолпан Қайроллава шықты. Күнделікті темірдей тәртіп пен бокс мектебінің қатаң шындалуынан өткен кәнігі маман әннің нәзік ырғағына ауысқанда, көрермендердің таңданысы мен қошеметі толастамады. Психолог Динара Жақыпова, дәрігер Анар Бақыт, алты баланың анасы Үмітжан Жандосованың әрқайсысы бір мезетке күнделікті міндеттерін ұмытып, сахнаның толқынына берілді.

Әділқазылар алқасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Гүлнұр Оразымбетова, әнші Дос және әнші, композитор, хит әндердің авторы Нұрлыбек Нағметов болды. Олар қатысушылардың дайындығын

жоғары бағалап, ән орындау қабілеттері кәсіби деңгейге жақындағанын атап өтті.

Көрермен қатарын толықтырған қала тұрғыны Майра Ізтілеуова өз сезімін жасыра алмады. «Кәсіби әншілермен жұп болған әр сала мамандарының күнде ән айтып жүргендей, мықты дайындалғаны байқалады! Өртістік қабілеттері тіпті тамаша. Қатысушылардың бәрі бірінен бірі өткен дарынды екен», – деді ол.

Бұл – еңбек адамының жауапкершілік пен тәртіпті тек өз мамандығында ғана емес, кез келген іске қолданса, міндетті түрде жеңетінінің айқын дәлелі еді. Қатысушылар сахналық образға еніп, бірде жылатты, бірде күлдіртті. Ал ретро әндерді орындағанда сахна тіпті түрлене түскендей. Бірі есте қалған үндінің ескі әндерін қазақша шырқаса, енді бірі қазақтың қаймағы болған әндеріне жан бігдірі. Осылайша 14 жұп болған 28 жұмысшы маман мен кәсіби әншілер өнер биігін бағындырып, көрерменді керемет әсерге бөледі.

Көп күттірмей, тартысты кештің жеңімпаздары да анықталды. Қосшы қаласының белсенді тұрғыны Үмітжан Жандосова мен әнші Зарина Тоқтарова, фармацевт Жанар Советқызы мен Нұрболат Сейтмұратов үшінші орынға лайықты деп танылды. Ал екінші орын полиция

инспекторы Таңшолпан Қайроллава мен әнші, актер Дінмұхаммед Ақайдарға бұйырды. Бірінші орынды психолог Динара Жақыпова мен әнші Жасұлан Кәрім алды. Жеңімпаздар қатарында психолог, полиция инспекторы және фармацевт мамандардың болуы, қарапайым адамдардың да әнге таласы бар екенін, сондай-ақ осы байқауды өткізудегі бірегей миссиясының толықтай орындалғанын айқын көрсетеді.

Байқаудың әрбір қатысушысы марапат пен құрметке лайық. Қосшы қаласы мәслихатының депутаты Дидар Бөлтірікұлының демеушілігімен тағайындалған және «miledy_tua_ast» сән орталығының дизайнерлік киімдері мен макияж сертификаттары өз иесін тапты. Одан бөлек, барлық қатысушыға 30 мың теңгеден «Therma» моншасына арнайы сертификаттар тапсырылды.

«Star Duet – майталмандар әуені» – қаланың мәдени өміріндегі жаңа белес. Ол қарапайым еңбек адамының тек өзінің кәсіби міндетін атқарып қана қоймай, үлкен сахнаны бағындыра алатын дарынды тұлға екенін көрсетті. Өнер мен еңбектің тоғысқан осынау мерекесі Қосшы қаласының рухын асқақтатып, көрерменге ұмытылмас кеш сыйлады.

Гүлназ БИСЕН



САЙЫПҚЫРАН

ҚОСШЫДАН ШЫҒЫП, ҚҰРЛЫҚҚА ТАНЫЛҒАН ҚАҚПАШЫ

(Басы 1-бетте)

Қазір ел мақтанына айналған Шерхан турнир тарихына ең жас қақпашылардың бірі ретінде еніп отыр. Оның өзіне деген сенімділігі мен сабырлы қалпы жанкүйерлер мен мамандардың назарына бірден ілікті. Сөйтіп, бірнеше күннің ішінде асқақтаған аты жаһанға мәшһүр болып шыға келді.

Айта кетсек, Шерхан Қалмырза 2008 жылдың 15 маусымында дүниеге келген. Орта білімді Қосшы қаласынан алды. Спортқа деген сүйіспеншілікке толы ортада тәрбиеленген ол бала кезінде-ақ көшбасшылық қасиеті мен алға қойған мақсатына деген жігерлі ұмтылысын көрсеткен. Спорт



саласындағы басты тәлімгері – бұрын футбол бапкері болған өз атасы. Ал Қосшыдағы мектеп мұғалімдері Шерханның кез келген іске байыппен қарайтынын үнемі айтып отырады.

«Шерхан – әрқашан белсенді әрі мақсатшыл бала. Мектептің қоғамдық өміріне қатысып, достары арасында үлкен беделге ие болды. Тәртіпті, жауапкершілігі мол оқушы еді. Тіпті сабақта да спорттағыдай байыпты көзқарас танытатын. Оның арман-мақсаты әрқашан биік болатын. Ауқымды ойлаудан қорықпай, алдына батыл міндеттер қоятын. Атасы Шерханға спортта ғана емес, өмірде де нағыз ұстаз әрі дос бола білді. Біз бұл қасиеттер баланың

үлкен жетістіктерге жетуіне және Қазақстанды әлемдік футбол ареналарында танытуға көмектесетініне сенеміз», – дейді сынып жетекшісі Тазагүл Сәдуақасова.

Қазір Қосшыдан түлеп ұшқан сайыпқыран – Шерхан Қалмырза «Қайрат» қақпасын қорғап, Қазақстан құрамасының намысын жыртып жүр. Бір емес, екі мәрте Жастар лигасының чемпионы атанды. Оның жолы – табанды еңбек және отбасының қолдауы арқасында Қосшы қаласындағы шағын мектептен шығып, Еуропаның ең ірі стадиондарына дейін жетуінің жарқын үлгісі.

Еркеғали БОЛАТҰЛЫ



САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Тайтөбе ауылында Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы – мейірім мекені» атты отбасылық эстафета өтті.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ОТБАСЫЛЫҚ ОЙЫНДАРДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Шараға бес отбасы қатысып, өз өнерлерін ортаға салып, спорттық ойындарда бақ сынады. Жарысқа «Қыран», «Барыс», «Жеңіс жалыны», «Арғын» және «Самғау» топтары қатысты.

Балалар арасында «Асық ату», аналар арасында «Тапқыр ана», әкелер арасында «Батыр әкелер додасы» өткізілсе, жалпы отбасылық кезеңдерде «Көңілді доп», «Шеңбермен жүгір» сынды ойындар ұйымдастырылды.

Шараның әділ қазылар алқасы құрамында Тайтөбе ауылы әкімінің орынбасары Рүстем Мұратбекұлы, «Алан» дене шынықтыру сауықтыру кешені директорының орынбасары Әлия Қайратқызы, Жастар ресурстық

орталығының директоры Мөлдір Маратқызы болды.

Жарыс қорытындысы бойынша:

- I орын – «Самғау» тобы,
- II орын – «Жеңіс жалыны» тобы,
- III орын – «Қыран» тобы.

Жеңімпаз атанған «Самғау» тобының отағасы: – Баламның бұндай ширақ екенін білмеппін, отбасымды жаңа қырынан таныдым. Осындай мүмкіндік сыйлаған Жастар ресурстық орталығына алғыс айтамын, – деп өз әсерін бөлісті.

Лаура Тарғынова,
ЖРО маманы



Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары,
веб-редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархаббат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші

Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Ерік ЕЛЕУСІЗ

Нөмірдің кезекшісі

Жанар АХМЕТОВА

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

📰 Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com
🌐 www.janabastau.kz